

Субсидиялауға жататын элиталық тұқымдар мен көшеттерді сатудың 2013 жылға арналған шекті бағаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 13 мамырдағы № 4-1/220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 мамырда № 8488 тіркелді

«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 17)-тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын элиталық тұқымдар мен көшеттерді сатудың 2013 жылға арналған шекті бағалары белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Егіншілік департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

А. Мамытбеков

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң

2013 ж ы л ғ ы 13 м а м ы р д а ғ ы № 4 - 1 / 2 2 0

бұйрығына қосымша

Субсидиялауға жататын элиталық тұқымдар мен көшеттерді сатудың 2013 жылға арналған шекті бағалары

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің атауы	Субсидиялауға жататын элиталық тұқымдар мен көшеттердің бір тоннасын (данасын) сатудың шекті бағасы, теңге
Ж ү г е р і : кеш пісетін, орташа кеш және орташа пісетін бірінші ұрпағының будандары, бірінші көбейтілген будандық популяциялар	249 736,0
ерте пісетін бірінші ұрпағының будандары, бірінші көбейтілген будандық популяциялар	235 254,0
Күріш	78 011,0
К ү н б а ғ ы с : элиталық тұқымдар	374 573,0
бірінші ұрпағының будандары	332 573,0

Қант қызылшасы	3 162 450,0
Бірінші көбейтуді қоса алғанда мақта	105 000,0
Жеміс дақылдарының көшеттері	320,0
Жүзім көшеттері	250,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК